

## **"Авалон групп плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № 2447 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 18-бабы 1 тармағының 5-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына және 37-бабына сәйкес, "Авалон групп плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының хатын негізге ала отырып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Авалон групп плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (100740010220) диаметрі 40 мм полиэтилен құбырымен қапталған 96 талшықты-оптикалық кабель жүргізу үшін жер пайдаланушылардан және меншік иелерінен жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарусыз, Жайық өзенінің оң жақ жағалауындағы Әлиев көпірінен Надежда Крупская көшесіне (АГУ аумағы) дейінгі аралықтарда орналасқан ұзындығы 1860-2000 метр жер учаскесіне 49 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е. Умаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*К. Уразбаев*